

Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы және Пакистан Ислам Республикасы Үкіметтері арасындағы транзиттік тасымалдау туралы келісімді іске асырудың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 тамыз N 1189

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 717 P950717_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы және Пакистан Ислам Республикасы Үкіметтері арасындағы транзиттік тасымалдау туралы келісімнің 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы және Пакистан Ислам Республикасы Үкіметтері арасындағы транзиттік тасымалдау туралы келісімнің орындалуын бірлесіп бақылау және жоғарыда аталған Келісімді іске асыру бөлігіндегі проблемалар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының құзыретті органдарына жедел ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің төрағасы Ержан Шойбекұлы Қалқабаев Қазақстан

Республикасы Үкіметінің атынан жауапты тұлға болып тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қабылданған шешім туралы депозитарий мемлекет - Пакистан Ислам Республикасын хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК